

**"Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі"
мемлекеттік мекемесі және "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және
спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережелерді бекіту туралы**

Қушпін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 4 қазандағы № 2303 қаулысы. Жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 20 қазандағы № 1656 қаулысымен

Ескерту. Жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 20.10.2025 № 1656 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі және "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережелер бекітілсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" және "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) жоғарыда көрсетілген Ережелерді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қостанай қаласы әкімдігінің "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2017 жылғы 19 мамырдағы № 1475, "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 19 мамырдағы № 1475 қаулысына өзгеріс енгізу және атауын өзгерту туралы" 2021 жылғы 20 мамырдағы № 921 қаулыларының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қаласының әкімі

М. Жүндібаев

Қостанай қаласы әкімдігінің
2022 жылғы "4" қазандағы
№ 2303 қаулысымен
бекітілді

"Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мәдениет, демалыс, тілдерді дамыту саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомстволары бар:

1) "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Мирас" қалалық Мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

2) "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі.

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, М.Дулатов көшесі, № 91 үй.

10. Осы Ереже "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қостанай қаласының бюджетінен жүзеге асырылады.

12. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін қайта түлетуге, сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған шаралар қабылдау;

2) ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарына баулу арқылы азаматтарды отаншылдыққа және эстетикалық тәрбиелеуге жағдайлар жасау;

3) мемлекеттік органның құзыреті шегінде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті мәліметтерді, материалдар мен құжаттарды сұрату және алу;

мәдениет пен тілдерді дамыту, тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану мәселелерін шешу үшін комиссиялар мен уақытша және тұрақты жұмыс топтарын құру;

мәдениет, тілдерді дамыту мәселелері бойынша ақпараттық-таныстыру іс-шараларын (дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар, тәжірибе алмасу және басқа да іс-шаралар) ұйымдастыру және өткізу.

2) міндеттері:

жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша өзінің негізгі қызметін жоспарлау және мәдениет, тілдерді дамыту, тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану саласын дамытуды айқындау;

мәдениет және тілдерді дамыту бағдарламаларын, жоспарларын жүзеге асыру ;

ведомстволық бағынысты мекемелер мен кәсіпорындардың қызметін талдау;

15. Функциялары:

1) Қостанай қаласының кітапхана ісі, мәдени - демалыс қызметі саласында мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құруға бастамашылық жасау, олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

2) Қостанай қаласының мәдениет мекемелерінің инфрақұрылымын дамытуды және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін нығайтуды қамтамасыз ету;

3) Қостанай қаласының сауықтық мәдени-бұқаралық іс-шараларын, сондай-ақ әуесқой шығармашылық бірлестіктер арасында байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізуді жүзеге асыру;

4) мемлекеттік және басқа да тілдерді дамытуға бағытталған қалалық шараларды өткізу;

5) әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеруді Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүргізуді ұйымдастыру;

6) тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау және танымал ету жөніндегі іс-шараларды өткізуге жұртшылықты тарту;

7) облыстың жергілікті атқарушы органдарын немесе уәкілетті органдарды олардың құзыреті шегінде тарих және мәдениет ескерткіштерінің бүлінуін, бұзылу катерін жою туралы хабардар ету;

8) кітапхана ісі және мәдени-демалыс қызметі саласында Қостанай қаласының мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметін қолдау және үйлестіру

Ведомстволардың функциялары:

"Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Мирас" қалалық Мәдениет сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны:

1) жалпы қалалық мерекелер, фестивальдер, шоу-бағдарламалар, байқаулар, мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

2) мәдени демалыс қызметі саласында жаңа түрдегі сценарийлық әзірлемелер және қойылымдық қызметті жүзеге асырады;

"Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі:

1) кітапхана қорын есепке алуды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз ету;

2) басқа да мәдениет мекемелерімен, шығармашылық одақтармен, оқу орындарымен, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, жергілікті атқарушы органдармен мәдени-ағарту бағдарламаларды, жастардың бос уақытын ұйымдастыруды жүзеге асыру бойынша өзара әрекет жасайды.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 29.06.2023 № 1337 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай қаласының әкімі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

18. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының орынбасарлары болмайды.

19. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан әрекет етеді;

2) "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;

3) ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларының лауазымдық міндеттері мен өкілеттіктерін бөледі;

4) барлық ұйымдарда "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүдделерін білдіреді;

5) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді;

6) шарттар жасасады;

7) сенімхаттар береді;

8) "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлерімен орындалуға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

10) "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазаға тартады;

11) қаулы жобаларын уақтылы, сапалы әзірлеуге, рәсімдеуге және әкімдікке белгіленген мерзімдерде ұсынуға, сондай-ақ жоба мәтіндерінің мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі түпнұсқалылығына дербес жауапты болады;

12) әзірлеуші органы мемлекеттік мекеме болып табылатын әкімдіктің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу, қабылдау және кейіннен мемлекеттік тіркеу барысына тікелей бақылау жасайды;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұйымдастыруға дербес жауап береді;

"Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

20. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен табылған мүлік қалыптастырылады.

21. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай қаласы әкімдігінің
2022 жылғы "4" қазандағы
№ 2303 қаулысымен
бекітілді

"Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай обласы, Қостанай қаласы, М.Дулатов көшесі, № 91 үй.

9. Осы Ереже "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

10. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қостанай қаласының бюджетінен жүзеге асырылады.

11. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынастар жасауға тыйым салынады.

Егер "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

12. Мақсаттары:

1) Қостанай қаласында дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру;

2) бұқаралық, ұлттық спорт түрлерінен, мүгедектігі бар адамдар арасындағы спорттан қала құрама командаларының дайындығын және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету.

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті мәліметтерді, материалдар мен құжаттарды сұрату және алу;

конференцияларды, семинарларды және оқытудың басқа да нысандарын ұйымдастыруға және өткізуге қатысу және бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру жұмысының мамандарымен тәжірибе алмасу;

2) міндеттері:

жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша өзінің негізгі қызметін жоспарлау және дене шынықтыру мен спорт саласын дамытуды айқындау;

дене шынықтыру және спортты дамыту бағдарламаларын, жоспарларын іске асыруды жүзеге асырады.

14. Функциялары:

1) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасау;

2) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша қалалық спорт жарыстарын ұйымдастыру;

3) Қостанай қаласының аумағында қалалық дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіру;

4) спортшыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын беру, спортшыларды спорттық разрядтардан айыру;

5) біліктілік санаттарын беру, біліктілік санаттарын айыру: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы екінші санатты, спорт төрешісі;

6) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстарына сәйкес спорт түрлері бойынша құрама командалардың тізімдерін қалыптастыру және бекіту;

7) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

8) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады;

9) дене шынықтыру мен спортты насихаттау, денсаулықты сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, жұмысқа қабілеттілік пен ұзақ өмір сүрудің жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін дене шынықтыру компоненттерін практикалық пайдалануда халықтың білім деңгейін, сондай-ақ спорттың гуманистік идеалдары мен құндылықтарын арттыру.

3-тарау. Мемлекеттік органның, бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

15. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, "Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

16. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қостанай қаласының әкімі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

17. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

18. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіліктері:

1) "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан әрекет етеді;

2) "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді;

3) барлық ұйымдарда "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

4) заңдарда белгіленген реттер мен шектерде мүлікке билік етеді;

5) шарттар жасасады;

6) сенімхаттар береді;

7) "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

9) "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;

10) қаулы жобаларын уақтылы, сапалы әзірлеуге, рәсімдеуге және әкімдікке белгіленген мерзімдерде ұсынуға, сондай-ақ қаулы жобалары мәтіндерінің мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі түпнұсқалылығына дербес жауапты болады;

11) әзірлеушісі мемлекеттік мекеме болып табылатын органның әкімдіктің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу, қабылдау және кейіннен мемлекеттік тіркеу барысына тікелей бақылауды жүзеге асырады;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

"Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

19. Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. "Қостанай қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

